

АҚТОҒАЙ АЖАРҮ

Ақтоғай айдандық қоғамдық-саяси басылым


№17 (7854)

Жұма
29 сәуір
2022 жыл

Gazet 1938 жылғы 15 тамыздан
shyǵady

@ aktogai_red@mail.ru

www.facebook.com/a.ajary.kz



Жолдау мұраты – ел мүддесі

ге шақырды. Қоғамда қордаланған түйткілді жайттар мен оларды шешу жолдары туралы айтқан Президентіміз біраз саладағы түйіндердің жүйелі тарқалатынын жеткізді. Ел басшысының: «Ең бастысы – еліміздің егемендігі, тәуелсіздігіміз бәрінен қымбат. Маған ең алдымен, елімнің амандығы мен жерімнің

Тәуелсіздігіміз бәрінен қымбат

Президент Қасым-Жомарт Кемелұлының «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты Жолдауы егеменді еліміздің келешек дамуы мен алдағы күнге бетбұрысын айқындап берді. Жолдауда саяси реформалар мен әлеуметтік-экономикалық бағыттарда атқарылатын іс-шаралар туралы баса айтылды. Яғни, Қазақстан тарихының жаңа парақтарын ашып берді. Қазақ халқының әрбір азаматының көкейінде жүрген мәселені шешу жолына арналған жаңа Жолдау еліміздің өркендеуі мен халқымыздың тыныс-тіршілігінде біршама жаңашылдықтың болатынын көрсетіп бергендей. Жолдауда «қаңтар оқиғасына» тоқталып, мемлекетіміздің тұтастығына және егемендігімізге зор қауіп төнгенін, татулық пен тұрақтылықтың маңызды екенін атап өтті.

Мемлекет басшысы сын сағатта халыққа бірнеше үндеу жасады, әрбір шешімді еліміздің мүддесіне сай қабылдады. Елдің тыныштығын бұзып, қауіпсіздігіне нұқсан келтіретін әрекеттерге жол бермеу-

тұтастығынан асқан ешбір құндылық жоқ» – деген сөздері еліміздің әрбір азаматының жүрегін елжірететіні сөзсіз.

Әрине, тәуелсіздігіміздің тамырын тереңдетіп, Қазақстанды іргелі мемлекетке айналдыру біздің қолымызда, яғни әрбір перзенттің жауапкершілігінде. Сондықтан, халқымыз, әсіресе, жастар қауымы, уақыттың кез келген сынағына дайын болып, бәсекеге төтеп беруі керек. Санасы сергек, заманауи технологияларды меңгерген Отанымыздың нағыз патриоттары ғана осындай сынақтардан сүрінбей өтеді.

Қасым-Жомарт Тоқаев: «Бізге ешкім сырттан келіп, ештеңе жасап бермейтіні анық, бәрі өз қолымызда. Сондықтан, баршанызды жаңа Қазақстанды құруға бір кісідей жұмылуға шақырамын», – деді. Демек, мемлекеттің мықты болуы үшін ұлттың ұйыса білуі айрықша маңызды екені сөзсіз.

А.Боран,
Тораңғалық ауылдық округінің әкімі.

Жолдау мұраты – ел мүддесі

Конституциялық сот – құптарлық бастама

Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына жолдаған кезекті Жолдауы ерекше болды деп айтсақ, артық емес. Суперпрезиденттік басқару формасынан парламенттік басқару жүйесіне біртіндеп көшу жобасы – халық үнін естуші мемлекеттің бір тұжырымдамасы екені анық. Сонымен қатар, жоғары басқарушы органдағы әкімдердің де партия құрамында болуы жұмысты едәуір көбейтетінін көрсетеді. Осы орайдағы Мемлекет басшысының ұсынысы әркім өзінің міндетіндегі жауапкершілікті ғана атқаруға үндейді. Сондай-ақ, сот жүйесіндегі тиімсіз реформаларды қайта қарап, елімізде әрбір азаматтың Конституциялық Кеңеске өз шағымымен бара алуына жол ашу, сот жүйесіне деген сенімділік пен заңға құрметті арттыруға өз әсерін береді. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, Конституциялық сот құру бастамасы да өте құптарлық деп есептеймін. Еліміздегі «қаңтар оқиғасы» әлемдік аренадағы біздің беделімізді түсіргенімен, Ел басшысының тікелей бастамасымен қолға алынып жатқан саяси жаңғыру арқылы әлі талай белестерді бағындырамыз анық. Сонымен қатар, қатынауға қиын облыстарды бөліп және жаңа құрылған аймақтар өткенді жаңғыртудың белгісі іспетті. Жаңа құрылатын Абай облысы біздің елдігімізді, Ұлытау облысы өткенімізді ұлықтатар киелі жерлердің көші іспеттес. Алмағайып заманда елдігімізді сақтай отырып, Қазақстанды алға бастау – бұл әрбір қазақтың азаматтық парызы.

Қорытындылай айтсақ, «Қазақстан деген қасиетті ел бізден басқа ешкімге керек емес», – деген Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлының бір ауыз сөзінің өзінде үлкен астар бар. Елдігімізді сақтап, елімізді өркендету жолындағы Президентіміздің Жолдауын толықтай қолдаймын.

Қ.Рысбеков,
аудандық-қоғамдық кеңестің төрағасы.

1 мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі күні

Құрметті аудан тұрғындары, қадірменді жерлестер!

Сіздерді 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күнімен шын жүректен құттықтаймыз! Ауызбіршілігі мен түсіністігі жарасқан, бірлігі мен берекесі сақталған, қарапайым сыйластық үстемдік құрған елге қашанда нәтижелі істердің үйір болатыны белгілі. Біздің елімізде қалыптасқан ұлттар тұтастығы мен халықтар достығының арқасында бүгінде мемлекетіміз өркендеп, ілгері басып келеді. Еліміздің өркендеуімен бірге аудан экономикасы да ілгерілеу үстінде.

Біздің мемлекетіміздің басты жетістігі еліміздің халықтарының ұлтаралық келісімі, өзара түсіністігі мен сыйластығы болып табылады. Тұңғыш Президентіміз Елбасы ұлықтағандай, біздің ең басты құндылығымыз – тәуелсіздік, ұлтаралық және дінаралық келісім, сол құндылықтарды қастерлеу баршамыздың қасиетті парызымыз.

Ел басына күн туған қилы замандарда да халқымызды ұлт ретінде сақтап қалған ынтымағы мен бірлігі. Әр кезеңдерде тағдырдың жазуымен елімізден пана іздеп келген өзге ұлт өкілдерінің барлығын бауырына басып, қанша қиын кездерде бір үзім нанды бөлісіп, төрінен орын берді. Осылай қаймағы бұзылмаған Қазақ жері көпұлтты мемлекетке айналды. Бүгін бір тудың астында тату-тәтті 130-дан астам ұлт пен ұлыстың өкілдері ғұмыр кешіп жатыр. Барлығы қанатын кеңге жайған бейбіт елдің ішінде, туған жердің төсінде ел бірлігін сақтауға атсалысуда.

Тәуелсіздігіміздің арқасында алған асуларымыз бен жеткен жетістіктерімізде елімізде өмір сүруші барша ұлт өкілдерінің еншісі бар. Осындай мол табыстарға қол жеткізуде аудан жұртшылығының да өзіндік үлесі жетерлік. Ауданымыздағы барлық 17-ден астам ұлт татулық пен келісімде алаңсыз өмір сүріп, білім алып, ел үшін еңбек етуде.

Туған Отанымыз – Қазақстанды гүлдендіріп, тұрақтылық пен бейбітшілік мекеніне айналдыруға, ел бірлігін сақтауға, бейбіт те мазмұнды өмір кешуге әрқайсысы өз үлесін қосуда. Әр азамат жер, ел қадірін бағалап, ер жетіп жатса, көп ұлтты жеріміз біртұтас мақсатты, ғұмырлы ел болуда үлкен жетістіктерге жете бермек.

Сіздерді айтулы мерекемен шын жүректен құттықтаймыз! Баршанызға зор денсаулық, таусылмас күш-қуат, мол бақыт, еңбектеріңізге жеміс, шаңырақтарыңызға шаттық, құт-береке тілейміз!

Аудан әкімі
С.Әбеуова.

Мәслихат хатшысы
Р.Әбеуов.

Аудан әкімдігінде

Игерілмеген жерлер мемлекетке қайтарылады

«Қазақтың кең байтақ даласында мал жаятын жер жоқ» дегенге ешкім илана қоймас. Бірақ, шынайы жағдай сіз бен біз ойлағаннан мүлдем басқаша. Елімізде жайылымдық жер тапшы және бұл бүгінде мемлекеттің ең өзекті мәселесіне айналып отыр.

«...ауыл тұрғындары мал жаятын жайылым таппай қиналуда. Жайылымдардың 99 пайызы шаруа қожалықтарының иелігінде. Алайда, оның 36 пайызында ғана мал жайылады. Қалған 46 млн гектар жайылымдық жер бос жатыр», – деген Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Үкіметке игерілмей, нысаналы мақсатта пайдаланылмай жатқан ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді қайтарып алуды тапсырған болатын. Енді қожайыны бар, бірақ игерілмей, бос жатқан миллиондаған гектарлардың иелеріне тықыр таянды. Қағаз жүзіндегі қожайындарына ескерту жасалып, соның жартысына жуығы жермен жұмыс істеуді бастаған. Ал, талапқа көнбегендерден жер жаппай қайтарылууда.

Аудан әкімдігінің кіші мәжіліс залында өңір басшысы С.Әбеуованың төрағалығымен аппараттық кеңес өтті. Жиында «Шаруа қожалықтары және жеке аулалар бойынша жайылымдық жерлердің пайда-

ланылуы жөнінде» мәселе қаралды. Жиынға аудан әкімінің орынбасары С.Амралин, ауданның ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Н.Жаңабергенов, ауданның жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімінің басшысы Қ.Изақов және кент, ауылдық округ әкімдері қатысты.

Кеңесте пайдаланылмайтын немесе ұтымсыз пайдаланылатын жерлерді қайтару, халықты жайылымдармен қамтамасыз ету жөніндегі кешенді жоспар және Жол картасы негізінде атқарылып жатқан жұмыстар барысы жан-жақты талқыланды.

Жиын соңында аудан басшысы салалық басшыларына және жергілікті әкімдерге тиімсіз пайдаланылған жерлерді қайтару, жайылымдық жерлермен тұрғын халықты қамтамасыз ету, ауылшаруашылық жерлерін айналымға енгізу жөніндегі кешенді жоспарды жүзеге асыру бойынша орындау мерзімі белгіленді. Жиынды қорытындылаған аудан әкімі С.Әбеуова 2023-2024 жылдары жайылымдарды ұлғайту жөнінде атқарылатын жұмыстар аясында тиісті сала басшыларына нақты тапсырмалар берді.

Думан ҚАБЫЛ.

Тазалықтың екі айлығы

Ағаш отырғызу — сауапты іс

Адамзат өз тарихында осы күнге дейін әлі ағаштан артық ауаны тазартатын бірде-бір қондырғы ойлап таба қойған жоқ. Жайқалған жасыл желек ауаны тазартқанымен қатар оны реттеп, табиғаттағы тепе-теңдігін сақтайды. Ыстықты, аязды басып, ылғалдылықты, топырақтың құнарлылығын сақтап, жаңбырдың табиғи тәртіппен жаууын реттейді. Дамыған алпауыт елдерде ағаш егу мәдениеті қалыптасып, арнайы бір күнді белгілеп те қойған екен. Бірақ, әр елдің ағаш отырғызу күні әртүрлі



уақытта. Тіпті Уганда, Коста-Рика, Намибия, Малави секілді елдерінің ағаш егу күндері бар. АҚШ елін басқарған президенттердің бірі Франклин Рузвельт: «Бір елдің өркениет дәрежесі, өмір сүрген жерінде ағаш егу мәдениетін қалыптастырғанымен өлшенеді» деген екен.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына жолдаған кезекті бір Жолдауында еліміздің орман қорында 2 млрд-тан астам ағаш отырғызу туралы тапсырма берген болатын. Бұл ретте Ақтоғай ауданы бойынша санитарлық тазалық жұмыстарымен қатар, жылда көктемгі көркейту, көгалдандыру жоспарлы түрде жүзеге асырылып келеді. Тазалықтың көктемгі, күзгі екі айлығында аудан көлемінде саябақтар мен мектеп аулаларына ағаш көшеттерін отырғызу дәстүрге айналған.

25 сәуір күні аудан әкімдігі ғимаратының ауласына 20 түп карағай көшеттері отырғызылды. Игі шараның мақсаты – ауылды жасыл желекке айналдырып, елді мекенде абаттандыру жұмыстарын жандандыру арқылы табиғатты сақтау. Ағаш отырғызу шарасына аудан әкімі Салтанат Әбеуова, аудандық мәслихат хатшысы Рашид Әбеуов қатысып, өңірді көркейту-көгалдандыру мақсатында қолға алынған игі бастамаға үлес қосты.

Иә, «Атадан мал қалғанша, тал қалсын...». Бұл – бабаларымыздың кейінгі ұрпаққа қалдырған өсиеті. Халықтың денсаулығы мен ұрпақ болашағына он әсерін тигізіп, туған ауылының көркеюіне атсалысып, қалыс қалмау – әрбір азаматтың борышы.

Д.Бақышев.

Спорт – денсаулық кепілі

Спорттың адам өмірінде алатын орны зор екендігі бәрімізге мәлім. Спортпен айналысқан адамның денсаулығы мықты, өзі шыдамды болатыны белгілі. Дана халқымыз «Тәні саудың – жаны сау» – деп бекер айтпаған. Қазіргі таңда үстел теннисі елімізде өте кең тараған ойындардың қатарына еніп отыр. Үстел теннисі өте қызықты, жан-жақты және әр жастағы адамдар үшін қолжетерлік ойын. Осындай ерекшелігімен көпшіліктің

әкімінің орынбасары Абылай Аманжолов құттықтау сөзімен ашып берді: – Құрметті спортшылар, спорт сүйер қауым, бүгін, міне, ұлдар мен қыздар арасында үстел теннисінен жарыс ұйымдастырып отырмыз. Бұл спорт түрін дамыту әрбір қазақстандық азаматтың борышы деп білемін. Сондықтан, турнирге бақ сынап, қатысып отырған спортшыларға жеңіс тілеймін, – деп спортшыларға сәттілік тіледі.

«Тәні саудың – жаны сау»

назарын өзіне аударып келе жатқан ойын түрінен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздеріне 30 жыл толуына орай ұлдар және қыздар арасында аудандық біріншілік өтті. Жарыстың мақсаты – жастардың үстел теннисіне деген қызығушылығын арттыру, оларды салауатты өмір салтын насихаттауға шақыру. Жарысты аудан



Турнир қорытындысы бойынша қыздар арасында Мүкәрәм Тоты – 1-орын, Қалиясқар Айгерім – 2-орын және Балқыбекова Айнұр – 3-орынды иеленді. Ал, ұлдар арасында жүлделі 1-орын Сербол Нұрперзентке бұйырды. Жүлделі 2-3 орындарды Мүтәліп Айтуған мен Совет Абылай өзара бөлісті.

Ауданның денсаулық сақтау және спорт бөлімі.

Қазақстан-2050: Денсаулық стандарты

2022 жылғы 24 сәуірден бастап 30 сәуірге дейін Еуропалық иммундау апталығы жүргізілуде

Аурулардың алдын алу және өмірді қорғау үшін иммундаудың маңызы туралы хабардарлықты арттыру мақсатында жыл сайын Еуропалық иммундау апталығы (ЕИА) өткізіледі.

2022 жылғы Еуропалық иммундау апталығының (ЕИА) ұраны – «Вакцинациялар ұзақ және аман-сау өмір сүруге ұмтылу».

Иммундау апталығының мақсаты: жұқпалы ауруларға қарсы белгіленген мерзімде егілмеген барлық жас-

өмір үшін бәріміз күресуіміз керек.

• Вакциналар барлық уақыттағы ең тиімді ғылыми өнер табыстардың бірі болып табылады; олар ұрпақты көптеген жұқпалы аурулардан қорғауға көмектеседі.

• Қызылша, диарея мен пневмонияның кейбір себептері сияқты бір кездері жиі кездесетін аурулардың алдын алуға арналған вакциналар бүкіл әлем бойынша балалардың ұзақ және толық өмір сүруіне мүмкіндік береді.

Елімізде иммундау апталығы басталды, ауырмаудың бірден бір жолы – вакцина алу. Алайда, көбі екпе егуден бас тартуда. Оның денсаулыққа пайдасынан зияны көп деп ойлайды. Яғни, қауіпке қарайды. Иммундау шараларына қарсылық білдірген отбасылардың кейбірі – түрлі діни ағымдарды ұстанғандар.

Ата-аналар арасында екпе егуге қатысты теріс пікір қалыптасқан. Олар вакцинаның кесірінен сәбилері ауруға шалдығады деп қорқады. Соған байланысты екпе егуден бас тарту негізсіз, вакцинацияланған балалардың қауіпті жұқпалы індетпен науқастану деңгейі азайған. Әрине, екпе жасатпау – әр ата-ананың құқығы. Әйтсе де, мұның арты қайғылы жағдайға әкелуі әбден мүмкін. Екпеден бас тартқандардың 70 пайызы өздерінің шешімі



Қазақстан республикасы
Денсаулық сақтау
министрлігі



Қоғамдық денсаулық сақтау ұлттық орталығы

Дүниежүзілік иммундау апталығы 2022

24 - 30 Сәуір



тағы балалар мен тұрғындарды анықтау және вакцинациялаумен қамтуды қамтамасыз ету және әртүрлі жұқпалы ауруларды жұқтырудан қорғау.

Жоспарлы вакцинациялаудың өмір бойына денсаулық пен салауаттылықты сақтауға қосқан үлесі және де COVID-19-ға қарсы вакцинациялау пандемияның шектеулерін жоюға көмектесетін өмірлік маңызды құрал екенін атап өтуге болады.

- Вакциналар бәрімізге бақытты өмір сүруге мүмкіндік пен үміт береді.
- Вакциналардың құндылығы дозамен емес, салауатты

дұрыс екеніне сенімді. Қалғандары болса, балаларына медициналық көрсеткіштерге сай екпе жасатпайды.

Көші-қон үрдістерінің артуы және түрлі мемлекеттерден жұқпалы аурулардың ену қаупі туындаған жағдайда, халықты одан қорғау маңыздылығы арта түсті. Сондықтан, уақытты екпе егу аурудың алдын алудың жолы екендігін естеріңізге саламыз.

Д.Битанова,

«Ақтоғай ауданының орталық ауруханасы» КМК салауатты өмір салтын қалыптастыру маманы.

Вакцинация-жұқпалы аурулардан қорғанудың ең сенімді жолы



Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсты ұйымдастыру мен өткізу барысында табысталатын құжаттар мен бизнес-жоспардың мазмұны жөнінде

1. Конкурса қатысу үшін мынадай құжаттар беріледі:

- 1) Конкурса қатысуға арналған өтінім;
- 2) Конкурстық ұсыныс.

Конкурса қатысуға арналған өтінімдерді қабылдау және тіркеу өтінімдерді қабылдау басталған күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде, ал конкурс қайта өткізілген жағдайда он жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

2. Конкурса қатысуға арналған өтінім қағаз тасығышта қолма-қол не почта арқылы немесе «Ақпараттандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес «электрондық үкіметтің» веб-порталы арқылы өтінімдерді беру мерзімі аяқталғанға дейін беріледі.

3. Конкурса қатысуға арналған өтінімде Жер кодексінің 43-1-бабының 9-тармағында көрсетілген мәліметтер қамтылуы тиіс.

4. Конкурстық ұсыныста:

1) Бизнес-жоспар (инвестициялардың болжамды көлемі, ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру алаңдары, ауыл шаруашылығы жануарларының мал басы, қолданылатын агротехнологиялар, ауыл шаруашылығы техникасы мен технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы саласындағы білікті мамандардың болуы, ашылатын жұмыс орындарының саны);

2) Шаруашылық ішілік жерге орналастыру жобасын жасау және игеру, ауыл шаруашылығы инфрақұрылымын дамыту іс-шараларын орындау жөніндегі міндеттемелер;

3) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 17 қаңтардағы №7 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №19893 болып тіркелген) бекітілген Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді ұтымды пайдалану қағидаларын қоса алғанда, Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарын орындау, өңірдің мамандануына сәйкес ауыл шаруашылығы дақылдарының өгіс алаңдары құрылымын әртараптандыру бойынша индикативтік көрсеткіштерді орындау, ғылыми негізделген агротехнологияларды, фитосанитариялық және карантиндік талаптарды сақтау жөніндегі міндеттемелер қамтылуға тиіс.

Конкурстық ұсыныста өтінім беруші ұсынған міндеттемелер мен бизнес-жоспар шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартының ажырамас бөлігі болып табылады.

5. Конкурстық ұсынысты, «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы беру жағдайларын қоспағанда, конкурса қатысушы беттері нөмірленіп, тігілген түрде

мөрленген немесе өшірілмейтін сиямен жазылған жабық конвертте ұсынады, конкурстық ұсыныстың соңғы беті жеке тұлғалар (немесе сенімді өкіл) үшін - қатысушының қолымен және заңды тұлғалар үшін - бірінші басшының (немесе сенімді өкіл) қолымен және мөрмен (бар болса) куәландырылады.

6. Өтінімде және конкурстық ұсыныста қатысушыға грамматикалық және арифметикалық қателерді түзету қажет болған жағдайларды қоспағанда, жолдар арасында ешқандай кірістірмелер, өшірулер немесе қосып жазулар болмауы тиіс.

7. Конкурстық ұсыныстың жабық конвертінде «шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурс» және «жылғы _____» «дейін ашуға болмайды» (ашудың нақты күні көрсетіледі) деген сөздер жазылады.

8. Жер кодексінің 43-1-бабы 9-тармағының талаптарына сәйкес келмейтін конкурса қатысуға арналған өтінімнен бас тартылады.

9. Қатысушы өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі аяқталғанға дейін өзінің өтінімін өзгерте немесе кері қайтара алады. Өзгеріс өтінім сияқты дайындалады, мөрленеді және ұсынылады. Мұндай өзгеріс немесе кері қайтару туралы хабарлама, егер оны аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі аяқталғанға дейін алған болса, жарамды болып табылады.

10. Өтінімдерді беру мерзімі аяқталғаннан кейін келесі күні оған өзгерістер енгізуге жол берілмейді.

11. Конкурса қатысуға арналған өтінімдерді беру мерзімі аяқталғаннан кейін келесі күні жер комиссиясы түскен жабық конверттерді ашу жолымен (конкурса қатысушылардың қатысуынсыз) конкурстың қорытындысын шығарады.

Жер комиссиясының отырысы Жер кодексінің 43-бабының 2-тармағына сәйкес аудио, бейнежазба құралдарының көмегімен міндетті түрде тіркеледі. Жер комиссиясының отырысын аудио, бейнежазба құралдарымен тіркеуді аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары жүзеге асырады.

12. Жер комиссиясының хатшысы жер комиссиясының мүшелеріне әрбір қатысушының атауын, оның өтінімін және конкурстық ұсынысының мазмұнын жариялайды.

13. Өтінімдері бар конверттерді ашу рәсімі бойынша жер комиссиясының хатшысы ашу хаттамасын жасайды, оған жер комиссиясының төрағасы, оның мүшелері және хатшысы қол қояды.

14. Жер комиссиясы барлық өтінімдерді олардың сәйкестігі, толықтығы, есептемелердегі қателіктердің, құжаттардағы барлық қолтаңбалардың бары тұрғысынан зерделейді, сондай-ақ жалпы рәсімдеудің дұрыстығын тексереді, конкурстық ұсыныста көрсетілген бизнес-жоспар, оның ішінде, инвестициялардың болжамды көлемі бойынша балл беру жолымен өтінімдерді бағалайды, салыстырады.

15. Балдар міндеттемелердің мынадай өлшем шарттары бойынша беріледі:

1 гектарға салынатын инвестициялардың болжамды көлемі туралы, мың теңге:

1) Суарылмайтын егістікке:

50-ге дейін – 1 балл;

50-ден 70-ке дейін – 5 балл;

70-тен 90-ға дейін – 10 балл;

90-нан 110-ға дейін – 15 балл;

110-нан жоғары – 20 балл;

2) суарылатын егістікке (суарылатын жерлер):

200-ге дейін – 1 балл;

200-ден 300-ге дейін – 5 балл;

300-ден 400-ге дейін – 10 балл;

400-ден 500-ге дейін – 15 балл;

500-ден жоғары – 20 балл;

3) жайылымдық және шабындық алқаптарға:

5-ке дейін – 1 балл;

5-тен 10-ға дейін – 5 балл;

10-нан 20-ға дейін – 10 балл;

20-дан 30-ға дейін – 15 балл;

30-дан жоғары – 20 балл.

Осы ауданда, қалада, ауылда, кентте кемінде 5 жыл тұратын адамдарға конкурстық ұсыныстарына қосымша

10 балл беру түрінде артықшылық беріледі.

16. Ең жоғары балл алған қатысушы жеңімпаз болып танылады.

Екі және одан да көп конкурстық ұсыныстардың тартылатын инвестицияның ұсынылған көлемі бойынша балдары тең болған жағдайда конкурстың жеңімпазы комиссия мүшелерінің ашық дауыс беруі арқылы анықталады.

Бұл жағдайда ең жоғары балл алған және комиссия мүшелерінің ең көп дауысын алған қатысушы жеңімпаз болып танылады.

17. Жеңімпаз қабылдаған конкурстық ұсыныста көрсетілген міндеттемелер ауыл шаруашылығы жерлерінің пайдаланылуына Жер кодексінің 43-1-бабының 20-бабына сәйкес жүргізілетін мониторинг барысында тексеріледі.

18. Жер комиссиясының шешімі хаттамалық шешіммен ресімделеді.

Дін – бірліктің дінгегі

Зайырлы мемлекеттің негізін құраушы принциптер

«Зайырлық» сөзінің мәні мемлекеттің діннен, діннің мемлекеттен бейтараптылығы және ар-ождан бостандығы. Зайырлық сипаты - ізгілік пен қажеттілік. Өркениетті елдер зайырлық дәстүрін таңдауда. Зайырлық азаматтарға дін мәселесінде еркіндік береді. Еліміз зайырлы мемлекет болуына байланысты, ресми түрде діндерге мейлінше бейтарап қарайды: ол діншіл де, дінге қарсы сипатқа ие де емес. Жалпы әлемде зайырлықтың үш түрлі үлгісі қалыптасқан:

1. Зайырлықтың бірінші үлгісі – атеистік үлгі. Оның көрнекі мысалы халқымыз бастан өткерген кеңестік режимді орнықтырған КСРО болып табылады.

2. Зайырлықтың екінші үлгісі – сепаратистік үлгі. Бұл үлгі діни қауымдастықтардың мемлекеттен бөлінгенін және заңнамада қандай да бір діннің немесе конфессияның ерекше құқыққа ие болмайтынын негізге алады.

3. Зайырлықтың үшінші үлгісі – таңдамалы негіздегі үлгі. Бұл үлгі қоғам үшін ерекше құнды болып табылатын конституциялық деңгейде анықталатын діни басымдықтарды басты тірек етеді.

«Зайырлы мемлекет – діни институттардан (діни басқармалардан) бөлінген, мемлекеттік шешімдер діни негізде емес, азаматтық, яғни діни емес нормалар негізінде қабылданатын мемлекет. Зайырлы мемлекетте әрбір азамат дін мен діни институттарға

жүгінбей өмір сүре алады. Мысалы, үйлену, ажырасу және өлім актілерін тіркеу, сондай-ақ, сот төрелігін атқаруды діни институттар емес, мемлекеттік мекемелер жүзеге асырады. Елдің барлық азаматтары дініне қарамай, заң алдында тең саналады. Батыстық зайырлық пен посткеңестік зайырлық ұғымдарының қалыптасуы мен жүзеге асуында үлкен бір ерекшелік бар. Ол – діннің мемлекетке тигізер ықпалы. Батыс елдері зайырлықты шіркеу мен руханилардың ықпалынан құтылу, яғни секуляристік ұстаным негізінде қабылдады. Ал посткеңестік елдердегі зайырлық принциптері атеизмнің идеологиясы мен саясатынан құтылу, дінсіздіктен арылу жолында қалыптасты.

Елімізде зайырлық принципі бойынша билік органдары діни бірлестіктердің ісіне араласпайды, алайда, олардың қызметі ҚР «Азаматтық кодексі», «Қылмыстық кодексі» және «Діни бірлестіктер және діни қызмет туралы» Заңы бойынша қадағаланады. Қаншалықты барлық дін өкілдеріне бірдей құқық берілген, соншалықты олар заң алдында бірдей дәрежеде құқықтық жауапкершілікке тартылады. Зайырлық – әлем елдерінің басым бөлігінің таңдауы, қоғамдық тұрақтылық пен келісімнің кілті.

Ақтоғай ауданының ішкі саясат бөлімі.



ҚР еңбек сіңірген қайраткер, ғалым, публицист, ұлағатты ұстаз Зарқын Тайшыбай – 80 жаста



Зақандың кәусар бұлағынан нәр алдық



Ардақты ұстаз, Сіз туралы жазу үшін қатты қобалжыдым. Шәкірттік лебізді жеткізе алмай қаламын ба деп алаңдаулымын. Сізді асыра мақтау қажет емес, мақтау мен марапаттың айдынында жүзіп жүрсіз. Халықтың батасымен көгерген жансыз. Мен сияқты сан мыңдаған шәкірттердің қаламын ұштап, қарымды еткен – қаламгерсіз. Сексеннің сеніріне шыққан сәтінде, мен де Қарағанды өңіріндегі алғашқы шәкірттің ретінде қалам тербемей қала алмадым. Сонау 1993 жылдың шілінгір шілдесінде арман болған Алматыға жолым түспей «журналист боламын» деген арманымның тауы шағылғанда, әкемнің тапсырмасы бойынша ұстаз болуға бет бұрып, чюданымды сүйретіп, еріксіз ұзатылған қыздай, шахтерлар қаласы Қарағандыға жол тарттым. Ішім алай-түлей, қыз-қыз қайнайды. Өксігімді ішке жиып, филология факультетіне құжаттарымды тапсырдым. Әкем ауылға аттанып кетті. Екі күн араға салып талапкерлер жиналған ҚарМУ-дің табалдырығына тағы бардым. Арман қуған мен сияқты қарақөздер қаптап жүр. Университетпен танысып, етімізді қалаға үйретіп жүрміз ғой баяғы. Құжат қабылдаушыларға да, қалаға да ептеп үйрене бастадық. Сөйтіп жүргенде сол жердегі үгіт-насихат жүргізіп жүрген қыздардан биыл университетімізде «журналистика» бөлімшесі ашылды. «Аталған бөлімге болашақ журналистерді шақырамыз» дегенін естігендегі менің қуанышымды сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Құжаттарымды дереу қай-та жинап, журналистика бөліміне тапсырып, асқақ армандарым орындалып, қалаған мамандығыма оқуға түсіп, студент болып шыға келдім. Уақыт сырғып өтіп жатыр. Алғаш ашылған бөлімшенің қазақ бөліміне 10 студент қабылданды. Алғашқы дәрістерімізді де бастап кеттік. Сол кезде тау тұлғалы ұстазымыз Зарқын

Сыздықұлы бізді әкеміздей қарапайымдылықпен қарсы алды. —Бірден айтайын сендер болашақ журналистерсіңдер. Ең алғашқы кезекте өткір болындар. Жалтақтық сендерге жараспайды, ойлана жазатын,



ҚарМУ-дың журналистика бөлімшесінің алғашқы студенттері 1993 жыл, қараша.

ойлы жазатын, һәм ойландыра жазатын журналист болуларың керек,-деп қасына үйіріп алып, бірден ақылы мен тәрбиесін қатар сіңіріп, шығармашылық шабыт берген ардақты ұстаз. Үлкен профессор екендігіне қарамастан, қарапайымдылықтың үлкен үлгі-сі болдыңыз. Нағыз ұстаздың шынайы бейнесін сол кезде Зарқын Сыздықұлынан көрдік. Ол кезде бөлімшеде небір журналистиканың жілігін шағатын Ермек Балташұлы (газет дизайнын шебер сызатын), Қуандық Шамақай (Әлем журналистикасын жетік меңгерген ұстаз) (марқұм), Мейрамхан Жәпек (Қазақ журналистикасының тарихын санамызға сіңірді) сынды өте мықты, білікті ұстаздар дәріс берді. Төрт ұстаз, он студент бір үйдің адамдарындаймыз. Лекцияларымыз сағатқа созылса да, ұзын сонар жазбаларға дәптерлеріміз толмайды. Барлығын нақты тәжірибемен түсіндіріп, құнды-құнды шағын лекциялармен сабақтарымыз

өтіп жатты. Зақанды әкеміздей көріп "кейін Зақа папа" деп кеттік. Үнемі уақыты болмай, әркез қат-қабат жұмыстармен жүретін ұстазымызды бір сәт, сабақ арасында көріп қалсақта, бір ауыз сөзінің өзін бір сабақтың лекциясын тыңдағандай, әрбір кездесу сәтімізден құнды деректер алып қалатынбыз. Уақыт өте келе, баламыз ғой, бізге «ожазғыштарым кейін жаза жатарсыңдар, жүріндер мен сендерге тірі журналистерді

көрсетейін» деп, қарашаңырақ «Орталық Қазақстан» газетінің редакциясына алып барды. Өңіміз түгілі, түсімізде көрмеген редакцияның табалдырығын қорқақтап аттадық. «Арман болған тек үлкен журналистер ғана баратын жер» деп ойлағанмын ғой өз басым, редакцияны аралап, ғажап-ай «тірі журналистерді» көргендегі менің журналистикаға деген ынтықтығымды жеткізу мүмкін емес еді. Зақа ұстаз — тума журналист қой. Сол тірі журналистердің біразының (Серік Сексенұлы, Аман Жанғожин, Төрехан Майбас, Серікбай Алпысұлы, Сүйіндік Жанысбай) қол астында тәжірибеден өтіп, журналистік қаламымызды шыңдай түстік. Алғашқы түлектер болғаннан соң біздің бөлімшенің құрылымы да, жұмыс жасау стилі де мүлдем бөлек еді. Филология факультетімен жағаласып жүріп білім алып, ҚарМУ-дің қай жатақханасында бос орын бар бізді сол жерге орналастыра беретін. Кейде бос

орын болмаса, Гулнар анамыз (Гуля мама) үйіне шақырып алып, туған анамыз секілді бауырына басқан қамқорлығын сезініп өстік. Осының бәрінде Зарқын Сыздықұлы ұстаздық, әкелік қамқорлықпен, қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай, өзінің сөзімен айтар болсақ «табақтай» дипломды ұстатты. Менімен бірге ақын, «Шабьт» сыйлығының лауреаты Руслан Нұрбай, Ұлттық кеңестің мүшесі, докторант, ұстаз Ләззат Қожахметова, қарымды журналистер Қарлығаш Жантуғанова, Қайыныш Бұхарбаева, магистрант Айгүл Төлепбекова үлкен өмірге жолдама алды. Оқу бітіргеннен кейін Ләззат пен Қарлығаш, Айгүл келешек журналистерге дәріс беру үшін кафедрада ұстаздық қызмет атқарып, тізгінді кіл мықты ұстаздармен қатар ұстап, шәкірт тәрбиеледі. Руслан ақындығымен бірге, қаламын мұқалтпай журналистиканың

жеткізуді жөн көрдім. Зақа марапатқа марқаятын жан емес, нағыз кәусар бұлақ. Ардақты ұстаз туралы таңды-таңға ұрып жазуға болады. Ол – оған лайық тұлға. Журналистикадан жеке Зақандың талантты қырлары көп, сол біздің студенттік жылдарымызда Қарағандыда теңдесі жоқ аудармашы болды. Орысша кітаптарды ала салып, әдеби тілмен ауызба-ауыз аударып беретін. Зарқын Сыздықұлы осы жасына дейін нағыз елге елеулі, халыққа қалаулы, еңбегінің жемісі көзі тірісінде бағаланған аса құрметті тұлға. Зақанды әр қырынан әр шәкірттері ашып жаза жатар, менің алғашқы қарағандылық шәкірті ретінде қысқаша жазған естелік әңгімем осы.

Құрметті Зарқын Сыздықұлы! Мерейлі 80 жасыңыз құтты болсын. Сізге зор денсаулық, отбасылық бақыт тіледім. Гулнар анамыз екеуіңіз шөберенің қолынан май жалап, абыз ата, ақ жаулықты әже болыңыздар.



ҚарМУ-дың журналистика бөлімшесінің алғашқы түлектері, 1997 жыл.

жілігін шағып, майын ішіп жүр. Бәріміз қалада болмайық, ауыл журналистикасын жаңғыртайық деген мақсатпен мен туған жерге туымды тігіп, ширек ғасыр бойы аудандық газетте қалам тербеп келемін. Бұл өмір жолымызды тізбектей жазуымның себебі Қарағанды журналистикасының алғашқы ірге тасын қалаушылар, аймақтық журналистиканың негізін қалануына еңбек сіңірген жандарды әріппен қашап, тарихта қалдырып, жас ұрпаққа үлгі ету. Оның ішінде Зарқын Сыздықұлындай талантты, қаламгердің мерейлі жасында шәкірттік үнімді баспасөз арқылы

Халыққа бергеннен береріңіз көп, Алла ғасыр тойыңызды көруді нәсіп етсін.

PS: Ұстазым Мағжан туған Қызылжарда, мен Әлекең туған Ақтоғайдамын. Алайда әлі күнге менің редакторлығымды қадағалап, газетімді оқып, бағасын беріп отырады. Қалай ғана қадірлемейсің, құрметпен бас иемін Сізге ұлағатты ұстаз.

Ақтоғайдан шәкірттіңіз Гүлнар Метайқызы, «Aqtogai aяary» газетінің бас редакторы, «Ақпарат саласының үздігі», «ҚР Журналистер Одағының мүшесі».



Байқау қоржынынан



Айтбек Жасоркен Мерзатұлы
Жақып Ақбай атындағы негізгі орта мектебінің 2-сынып оқушысы
Қарамеде би ауылдық округі.

Қымбаттым менің – туған жер

Туған жерім, дархан далам – қазақ елі, мекенім.
Қаным қазақ, елім дейтін ұрпақтан өсіп келемін.
Киелі мекен Қарамеде би өнегелі сөздерімен сусындап,
Туып-өсіп, білім алып, мақсағтарға жетемін.

Сыр елі ғой, ақ маржандар төгілген,
Күннің нұры сөнбесінші көгіңнен.
Қабыл алшы мына менің бала тілек жырымды,
Өрлей берші, туған жерім, мақтанамын өзінмен.

Ақтасым, туған жерім кереметсің сен неткен!
Жасай бер, гүлдене бер, жайнап мәңгі әр көктем.
Қымбатсың сен, алар орның ерекше,
Сенде өсіп, қадам басып, болашақта ержетем.

Асыл әжем

Ақ жаулықты әжетайым ылғи мені мақтайды,
Еркелеткен жылы сөзі жүрегімді баурайды.
Бастан сипап бата берген әжетай,
Бар мейірімін маған ғана арнайды.

Гүлмира әжем мені бағып өсірген,
Бар жақсыны бойыма әкеп сіңірген.
Тентек қылық болса егер кешіріп,
Немерем деп, құшағына еңгізген.

Ақ әжемнің жылы жүзі алтындай,
Сыңғырлаған күлкісі де сарқылмай,
Аман жүрші әжетайым әрқашан,
Бір өзінмен бар өмірім армандай.

ҚЫМБАТТЫМ МЕНІҢ – ТУҒАН ЖЕР

Мен Ақтас ауылында дүниеге келдім. Кішкентай кезімнен туған жерімді мақтан етемін. Әрине, туған жердің қадірін әр адам әр қалай түсінетін шығар. Ал мен үшін, ол бәрінен артық. Шыр етіп дүниеге келген соң, жүрегіме ыстық болып қадалған ең асыл нәрсе ол – туған жер. Бар қызықты сәттерім осы ауылымнан басталды. Өз жерімде жаңа достармен таныстым, көптеген қызықты оқиғаларды бастан кешірдім. Балалық шағымның қызықты шақтарын да өткізіп жатырмын. Туған жерімнің табиғаты да менің жүрегімді тербейді. Табиғатымның көркі шексіз. Мәлдірлеп аққан бұлақ пен орман-тасына дейін әдемі. Таза ауасы мен жасыл шөптері, құстардың бұлбұл дауыстары мен үшін киелі. Туып-өскен ауылым шағын болғанымен де жүрегімде үлкен орын алады. Туған жерімнің өзі де, адамдары да тамаша. Барлығы кең пейілді, ақ мінезді. Менің ойымша әр адам өз туған жерін аялай білуі керек. Оны шын жүрекпен жақсы көріп, бар сүйіспеншілікті аямау керек. Туған жердің табиғаты да жақын болғандықтан, оны да гүлдендіріп, көркейту әр адамның борышы деп ойлаймын. Қымбат та, асыл туған жерге деген махаббат шынайы әрі мәңгілік болуы керек. Менің Ақтас ауылым жүрегімде ерекше, айрықша орын алады. Туған жердің түтіні ұмытылмайды.

Асыл әжем

Мен үшін ең жақын адамдарымның бірі – асыл әжем. Оның мейірлене қараған көздері маған ұнайды. Жылы алақандары басымнан сипап өткенде жүрегім жібіп, тұла бойым елжірейді. Ол мені тек жақсы істерге үйретеді. Әжем Қырғызстан азаматшасы болғандықтан маған ылғи өзінің бастан өткен әңгімелері мен ертегілерін айтып отырады. Ал мен әжемді ылғи қуантуға тырысамын. Себебі, оның күлімсіреп қараған жүзі мен үшін үлкен бақыт.

Біздің отбасымызда әжемнің орны ерекше. Бәріміз оған құрметпен, сыйластықпен қараймыз. Ал ол өз кезегінде бізді еркелетіп, бар ақылын айтып дұрыс бағыт-бағдар беріп отырады. Асыл әжем әрдайым ақыл-кеңесін айтып, жақсы тілектерін тілеп отырады. Оның әр айтқан сөзі мен үшін қымбат қазына секілді. Сыңғырлаған күлкісін ести бергім келеді. Әжемнің жүзі әрдайым есімде болады. Есейген кезде әжеме көмек беріп, бақыт сыйлайтын боламын. Осындай асыл әжемнің барына шексіз ризамын.



Білім келешекке бастар жол

Кел, балалар, ойнайық,
Оқуды да ойлайық.
Оқып білім алғанда,
Ел келешегін ойлайық.

Білім алып, ғалым бол,
Өшпес мұра қалдырған.
Шешен әрі дана бол,
Ел қамын ойлаған.

Райымбек Бекарыс,
3 «А» сынып оқушысы
, К.Байсейітова атындағы тірек мектебі.

Көктем

Көктем келді жайнаған,
Күн нұрымен ойнаған.
Құстар келіп жайлаған,
Ойынға бала тоймаған.

Төрлет көктем далама,
Балалар жүр далада.
Қозы-лақтар ойнаған,
Тіршілік түгел қайнаған.

Абылаева Фазила,
3 «А» сынып оқушысы,
К.Байсейітова атындағы тірек мектебі.

Рәміздерім

Тұғырың биік тұрады көкте жанарым,
Көз тігіп саған, ойланып тұрып қарадым.
30-да жасың жайқалып бүгін бой жеттің,
Қос бұрымды ару қызындай қазақтың.

Ерке қызындай Есілің сылқ-сылқ күледі,
Ақшаңқан үйлер кербездене бой түзеді.
Қазағым үшін қанатын жайған Бәйтерек,
Бірлігін елдің биіктен тұрып береді.

Бабалар ізі Сарыарқа төсі сары далам,
Қырманға толған қасиетті тың далам.
Елтаңбасы, шаңырағы, пырағы,
Қазағымның символына айналған.

Сарыарқа төсін самал жел желпіп өткенде,
Аққу-қаз ұшып, шағала шалқып жеткенде.
Алашымның көк байрағы жайқалды.
Қасиетті қазағымның төрінде.

Рәміздерім мақтаншыым, елдігім,
Тәуелсіздік еркіндігім, теңдігім.
Әнұраным асқақ рух айбыным!
Бойтұмардай кастерлеген ұл қызың.

Зекен Әмина,
8 сынып оқушысы, К.Байсейітова мектебі.

1 мамыр өзге елдерде қалай тойланады

Кеңестік кезеңде 1 мамыр еңбекшілердің халықаралық ынтымақтастығы күні ретінде тойланған. Екі күн бойы халық жаппай шеруге шыққан. Алғашқы күні әскери парадтар өткізсе, мейрамның екінші күнін табиғат аясында жалғастырған.

Айта кетейік, бүгінде Қазақстанда еңбек күні қыркүйектің соңғы жексенбісінде аталып өтеді.

Көптеген мемлекет үшін бұған дейін де, қазір де 1 мамыр — көктем, жердің жаңғыруы мерекесі саналады. Мысалы, ежелгі кельттер осы күні Бельтайнды атап өткен. Бұл дата олар үшін малды жайлауға шығарумен байланысты боп келеді.

Оңтүстік Африка Республикасында биліктің ұйымдастыруымен бүкіл халық еңбекшілердің мерекесі ретінде көпше шығады. Кәсіподақ ұйымдары халық шығармашылығының көрмесін өткізеді, кеңінен қолданылатын, халық тұтынатын тауарлардың бағасы төмендетіліп, базарға шығарылады.

Сицилияда бұл күні халық бір-біріне түймедақ (ромашка) сыйлайды. Ежелгі римдік аңыз бойынша түймедақ адамға бақыт әкеледі екен. Сондай-ақ, осы күні бақытын іздеген жастар сүйген қызының есігіне көмкерілген гүл қыстырып кетеді. Егер оны қыз алған болса, онда жігітіне келісім берген болып саналады.

Германия 1 мамырда табиғаттың

жаңаруына байланысты «Мамыр мерекесін» атап өтеді. Ал Оңтүстік Кореяда бүкіл ел осы күні Будданың туған күнін тойлайды.

Нидерландыда сәуір айының соңғы күнінде «Қызғалдақтар фестивалі» басталады. Тіпті голланд елінің деревняларында қыздар мен жігіттердің кіммен билейтінін жазып, ағашқа іліп қояды екен. Кешке қарай жастар өз жұптарымен ортаға шығып билеп, от жағып, қызықты, көңілді кеш басталады.

Бір-біріне тілектер айтып, еңбектің ырыс әкелетінін осылай сездіреді.

Қытайда 1 мамыр күні «Алтын апта» саналады. Бір апта бойы тойланатын бұл «Алтын апта» мейрамы Қытайда 1999 жылы бастау алды. Алайда бұл мейрам жұмыс процесіне кері әсер ететіндіктен «мамыр мейрамы апталығын» билік кейін алып тастаған. Бірақ 1 мамыр бір күндік демалыс күні болып есептеледі.

Италияда ежелгі римдіктер гүл мен көктем құдайы Флореға табынған. Сөйтіп «Флоралия фестивалін» өткізу игі дәстүрге айналды. Кейіннен бұл фестиваль басқа елдерде де салтанатты жағдайда атап өтілетін болды. Бүгінде 1 мамыр Италиядағы ең бақытты күндердің біріне айналды. Храмың айналасы осы күні көмкерілген гүлдерге толып кетеді.

Дерек ғаламтордан алынды.



Тарих толқынында



жасайды” деген ақиқат. Саяси дүрбелең жылдары тағдыры талқыға салынған қазақ халқының негізгі, арқа сүйер тіректері - қазақтың текті әулеттері, қазақ байлары болғаны да ақиқат. Қазақтың тарихы мен мәдениетінде ойып тұрып орын алатын әулеттердің бірі де, бірегейі де Оразбай Аққұлұлы және оның ұрпақтары.

Оразбай қажы 1831 ж. өмірге келіп, 1921 ж. дүние салған. Кезінде шаруақор, епті, сабырлы, алыстан болжайтын, парасатты адам болғандығы деректерде көп айтылады. Тарихи деректерге сүйенсек, Оразбай әулетінде 4000-нан астам жылқы болған. Оразбай әулеті Семейдің Шұнай

ұш атын ұстатыпты. «Абайға айт, қонағы үшеу екен, осы үш атты да берсін. Өзіне қарсы болсам да, ақылы мен ажарына қарсы емеспін», - дейді. 1901 жылы Оразбай Тұрағұлқызы Ақылияға құда түседі. Ақылия бой жеткен соң Оразбай немересі Саниязбекке тұрмысқа шығады. Заманында Абай ауылына келген Алаш арыстары Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсын, Міржақып Дулатовтар Ақылияның қолынан дәм татып, келген-кеткенде қонақ болып түсетін үйі болған. Сұлтанмахмұт Торайғыров денсаулығы нашарлап, Оразбай қажы әулетінде бір қыс

жаста ғана екен. Бүгінгі мақалаға арқау болып отырған тектінің тұяғы, асыл апамыз Қазыл Біләлқызы Оразбай қажының шөбересі, Медеу немересі. Анасы жағынан тектінің көзі, Әлихан Бөкейханның туған жиеншары. Тарихи деректерде Медеудің ұрпақтары туралы, әсіресе, Абайдың немересі Ақылиядан туатын ұрпақтары туралы зерттелген еңбектер жоқ емес, бар. 1999 жылдың 2 желтоқсанында «Жаппай қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» Заңға сәйкес (14 сәуір 1993 жылғы) Алматы қаласы, Алмалы ауданы прокурорының шешімімен

АСЫЛДЫҢ СЫНЬҒЫ

Ұлысын ұлықтап өскен елдің баласы ғана ұлы істерді жасап, мәңгілік ел тарихынан лайықты орын алады. Алаш қайраткерлерінің халқымыздың тілі, тарихы, мәдениеті туралы зерттеулерінің тарихи маңызы зор. Қазақ тарихындағы ұлт-азаттық көтерілістерді рухани және саяси ұйысу үрдісін кезіндегі қитұрқы саясат аяусыз шаншып отырса да, тарих толқынында үнемі жаңғырып отырады. XX ғасырдың басындағы саяси қуғын-сүргін халқымыздың тарихында мәңгі қалған, қасіретті кезең. 1991 ж. Қазақстан тәуелсіздігін қалпына келтіргеннен кейін, осы нәубеттің құрбандарын мәңгі есте қалдыру үшін мемлекеттік деңгейдегі тиісті шаралар жүзеге асырыла бастады. “Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы” заң қабылданды. 31 мамыр саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні ретінде белгіленді. Кеңес заманында 100 мыңға жуық қазақ азаматтары, халқымыздың сүт бетіндегі қаймағы болған, елі үшін өре тұрған ел ардақтылары, тарихи тұлғалары қуғын-сүргінге ұшырап, соның 25 мыңнан астамы ату жазасына кесілді. Отанын сақтан халық жауларының отбасыларын да қудалап, қуғын-сүргінге салып ойрандады.

Өткен ғасырдағы ең бір қасіретті кезеңнің бірінде жазықсыз жапа шеккендердің рухына тағзым ету - бүгінгі ұрпақтың перзенттік борышы. Қазақ тарихындағы есімі қастерлі тұлғаларды зерттеп, зерделеп, игілікті істерін көтеріп, есте сақтап, ұрпаққа жеткізу, ұлттық рухымызды оятып, бүгінгі ұрпақтың Отанға деген жауапкершілігін, сүйіспеншілігін оятатыны сөзсіз.

Тіршілігінде жақсылығы жер жаһанға жария, есімі мәңгілік бірегей тұлғаларымыз жетерлік. Өсер елдің баласы өткенін еске алып, ойлап, ой түйіп, болашағына көз салып, ұлылардың ұлағатты істеріне зер салып, оларды дер кезінде жария етсе, тарихымыз ешқашанда жұмытылмайды. “Тарихты тұлғалар

тауын жайлайды екен. Шұнайдың қойнауы жылқыға толса, Оразбай жылқым түгел деп масайрап жатады. Сондықтан да “Шұнайым, Шұнайды берген құдайым” деген сөз Оразбайдан қалғанға ұқсайды. Еңбегімен байыған Оразбай Аққұлұлы өте қонақжайлы, мәрттігі мен жомарттығы жарасқан ерекше адам болады. Ауылының үстінен өтіп бара жатқан жолаушыны көрсе, шақыртып алып, мал сойып, күтіп жіберетін болған.

Абай мен Оразбай арасында ерекше сыйластық болғанға ұқсайды. Абай бірде ауылына бара жатып жотада үйездеп тұрған көп жылқының ішінен Оразбайдың кербестісін көреді. Атты айналып қарап, ауылға соқпай өте шығады. Мұны бақылап отырған Оразбай: “Кербесті маған мал болмайды, Абайдың көзі тиеді. Тез барып кербестіні ұстап алып, Абайға апарып бер” - дейді. Бұл атты ауылыма соқпады деп әдейі жіберіп отыр ғой деп, Абай бүкіл тобымен кері бұрылып, Оразбай ауылына келіп сәлем береді. Оразбай қажы болса Абайды қошеметтеп, күтіп, құлын сойып, етін биенің сүтіне пісіртіп құрметтеп аттандырған екен. Оразбай қажының жомарттығы мен мәрттігіне қатысты ел арасында таралған әңгімелер өте көп. Абай өмірімен байланысты тағы бірде Абай еліне Жетісудің Жәрменде дейтін абыройлы қариясы келеді. Алыстан арнайы келген мейманын қошеметтеп құрмет көрсетеді. Кетерінде Абай: «Аға, бұйымтайыңызды айтыңыз» дегенде, Жәрменде: “Қамысқұлақ атыңды бер” дейді. Абайдың сол жерде «Аттың сыны» деп аталатын өлеңін жатқа айтады. Абай ауылында, Құнанбай әулетінің жылқыларында өлеңде айтылатын сөйгілік табылмағандықтан, тоғыз мың жылқысы бар Оразбайға: «Ел намысы - ер намысы болғанда, ер намысы - ел намысы болмай ма? Тобықтының қонағына сұратып отырмын. Оразекең бір тайын аямасын» деген сәлемдемеге Оразбай қажы: «Ағайын ащы, мал тұщы десем мен Оразбай боламын ба?! Жаттан сағы сынбасын» деп

жатып, емделеді. Алашорда ұлттық мемлекеті құрылғанда да Оразбай әулеті әрқашан материалдық көмек көрсетіп отырған. Меценаттық - Оразбай әулетінің қалыптасқан ата дәстүрі болған. Сол замандарда ел ішіндегі саяси істерге белсене араласып, демеу көрсеткен. Оразбай әулеті қазақ зиялыларымен жақын байланыста болғандығын тарихи деректер айғақтайды. Себебі, қазақ ұлтының қамы қазақ байларын бей-жай қалдырмаған. Оразбай баласы Медеу Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсын, Міржақып Дулатов тағы да басқа Алаш арыстарымен жолдас болады. Тарихи деректерде 1908 жылы Әлекең 8 ай Семей абақтысында отырғанда, ауырды деп естіп, «Әлекең қазаққа керек адам» деп 10 құлынды биесін Шағылға байлатып, күнде 1 саба қымыз жеткізіп отырады. Медеу Оразбайұлы 1922 жылы Қыдыр тауының бауырында өз қаржысымен мектеп салдырып, мектепті өзі қаржыландырып, талай жеткіншектің көзін ашқан. Ата-бабаларымыз тектілікке үлкен мән берген, Медеудің бір ұлы Саниязбек Абайдың немересімен қосылса, екінші ұлы Біләл Әлихан Бөкейханның туған жиені Өнел Жарқызымен қосылуында да үлкен сыр бар. Әлекең Оразбай әулетімен жақсы араласып, әулеттің тектілігін байқап, Смахан інісіне тапсыруы да ғажап емес. Смахан төре Семейге барып, Өнел Жарқызы мен Біләл Медеуұлын қосады. Біләл атамыз бен Өнел апамыздан екі қыз бала өмірге келеді. Кеңес өкіметі саяси науқанды бастап, қуғын-сүргін басталған кезде Оразбай әулеті мыңғырған жылқысын кедей-кешікке, ағайынға таратып, жан жаққа қашады. Біләл Медеуұлы Алматыға келеді. Көзі ашық, көкірегі ояу, тектінің тұяғы «халық жауы», «жуанның тұқымы» деп бәрібір ұсталып кете барады. Өз елінің адамдары көрсетіп, бір түнде алып кетеді. Сол кеткеннен молынан кетіп, қашан, қай жерде атылғаны туралы еш дерек жоқ, хабарсыз кетеді. Оразбай әулеті осылайша ойрандалып, 1931 жылы Оразбай мен Медеу ату жазасына кесіледі. Осы күндерде Қазыл Біләлқызы 5

ақталды. Қазыл апамыздың анасы Өнел Жарқызына елдегі бір ақсақал: «Төркінің қашп, бұл елден жақсылық ауды, бірін-бірі ұстап беріп жатыр» деген соң екі қызын жетектеп, елге Қарқаралыны айналып, Шұбартаумен, Ақтоғайға келеді. Елге келген соң кішкентай қызы Айсәуле шетінеп кетеді. Қазыл Біләлқызы Ақтоғайда ер-жетеді. Өнел Жарқызы ержүрек, айналасына мейірімді, балажан, жүрегі кең, төренің мінезі бар, сертіне берік, парасатты адам болған. Әлкей Марғұлан 1956 - 1957 жылдары Ақтоғайға келіп жүргенде, Өнел апамыздан сыр шерткісі келіп, сұрағанда, апай сыр бермейді. «Өтті кетті. Қайтесіңдер. Есімде жоқ» деп айтпайды. Ауыр нәубет жүрегіне қатты сызат түсірген болуы керек. Әлекең 1989 жылы ғана ақталғандықтан, ол уақыттарда Оразбайдың Біләлі туралы ешкім жақ ашпайды. Себебі, Біләлдің жары Әлекеңнің туған жиені болғандықтан да шығар. Қазыл Біләлқызы ауданда болашақ жары Аманкүл Мұсатайұлымен танысып, отау құрып, алты бала тәрбиелеп өсірді. Аудан тарихында абыройлы, сауатты, көкірегі ояу, текті әулеттен шыққан қарттарымыздың бірі. «Тектілік тек жатпайды» деп халқымыз тегін айтпаған. Аман ағаның тарихы да ұшан-теңіз, Бөлек әңгіме. Аманкүл Мұсатайұлы өлке тарихын зерттеп жүргенде, сол кезеңдегі Қазақстан археология ғылымының Әлкей Марғұлан бастаған ең мықтыларымен үзеңгілес болады. Аман ағамыздың тұлға ретінде қалыптасуында, аудан тарихын зерттеп, өлкенің тарихын жарыққа шығаруы барысында жасаған еңбегі орасан зор. Әлкей Марғұланның жазған хаттарынан-ақ, осы әулетке деген ерекше құрметті байқамау мүмкін емес. Тектінің тектінің тануы осы шығар. Бүгінде Қазыл апамыз 96 жасқа келіп отыр. Қазыл Біләлқызының ерекше тарихын, шығу тегін аудан жұртшылығы, өскелең ұрпақ білсін деген оймен осы мақаланы жаздым.

Кәмшат Абдрахманова,
Қарағанды Медицина Университеті,
Қазақстан тарихы және Әлеуметтік-саяси пәндер кафедрасының ассистент профессоры.

Қазыбек би Келдібекұлының туғанына – 350 жыл

Кемеңгерлік иесі

Соңы. Басы газеттің өткен санында.

1731 ж. орыс патшалығына бодан болған Әбілхайыр ханға айтарлықтай қолдау көрсетті. 1741 ж. Орсқ қамалына аттанған Орта жүз ханы Әбілмәмбет пен Абылай сұлтанға хат жазып, Арғын тайпасының атынан ант беруге әзір екенін білдірген.

Қаздауысты Қазыбектің осы жылдардағы саяси-қоғамдық қызметінің бір көрінісі – Орынбор генерал-губернаторы И.Неплюевке жазған хаттары. Елдің саяси өміріне тікелей қатысты мәселелерге байланысты жазылған аталмыш екі хаттың екеуінде де Қазыбек би алысты болжап, саяси мәселелердің ахуал жайын дұрыс аңғара білген дипломат ретінде көрінеді. 1744 жыл шамасында жазылған алғашқы хатында би қазақ-орыс қатынастарын нығайта түсу қажеттігін, осы жолда қазақ елінде болып жатқан оқиғаларды патша әкімшілігіне хабардар етіп отыруға дайын екендігін сездірсе, жыл өткенде жіберілген кейінгі хатында Қазыбек жоңғар қонтайшысы Қалдан Сереннің, тек, қазаққа ғана емес, сол сияқты орыс үкіметіне де қауіп төндіруі мүмкін екендігін жеткізеді: «Біз бұл заманда жоңғар-қалмақ Қалдан Серен хан патша жұртына жамандық жасап жүр деп естиміз. Өзіміз көзімізбен көргеніміз жоқ (Ж.Арттықбаев. Қазыбектің көрген саясаты Орта жүздің дербестігін сақтады. Аңыз адам. 2011, №23. 9-бет). Бидің мақсаты, хат мазмұнынан байқалғандай, жоңғарларға қарсы күрес үстінде мұздай қаруланған орыс үкіметінің қолдауына ие болу. Қазыбек би Қытай, Бұхар, Хиуа мемлекеттері арасындағы ел аралық мәселелерге белсене араласқан, бейбітшілік пен достықты дәріптеуші мәмілегер болған. Бірақ, би 1762 ж. екінші ұлы мемлекет Цин империясының елшілерін қабылдамай, сыйлықтарын алудан бас тартып, Абылай сұлтанға қазақ елінің Қытайдың қол астына қарауына қарсы екенін білдіреді. Сөйте тұрып, Абылайды Цин империясымен тығыз қарым-қатынас жасауға шақырады (Айбын. Энциклопедия. Алматы, 2011 433-бет).

Қазақ кемеңгерінің өмірінің соңында тағы бір жасап кеткен шаруасы – Ресеймен келісім. Өз өмірінде көпті көрген, ақылға түйген, алыс болашаққа ой салған кемеңгер би қазақ тағдырының Ресейдің қатысуымен шешілетініне көзі жетті. Бұған Сібір генерал-губернаторының міндетін атқарушы, генерал-майор Фон Фрауендорфтың үкіметтің сыртқы істер алқасына 1763 ж. 11 наурызда жолдаған мәлімдемесіндегі «Орта жүздің төбе биі Қазыбекке Оразмәмбет тархан мен тілмәш Сафаровты жіберіп шақырғанын, алайда, қыстың қаттылығынан Қазыбектің өзі келе алмай, орнына баласы Сырымбет пен інісі Отарбай бастаған он кісі жібергені, олардың 1762 жылғы 15 және 22 желтоқсан күндері ант қабылдағаны айтылған. Фон Фрауендорфтың Сырымбетпен оңаша әңгімелескенін, Қазыбектің Ресейге деген игі ниетте екендігіне көзі жеткендігін жазған (Р.Сағымбеков. Қазақ халқының кемеңгер биі. Редакторлардың редакторы, 2012 10-бет). 1762 жылдың күзінде Омбыға барған Сырымбет пен Отарбайдың хабарына қарағанда, Қаздауысты Қазыбектің жасы 96-да болған екен. Солай кемеңгер бабамыз өзінен кейінгі ұрпақ тағдырын болжап, оларды көшпенділердің бағы тайған заманда Ресейдің етегінен ұстағып кетті.

Қазыбек бидің артында кейінгі ұрпаққа жарық жұл-

дыздай жол көрсетіп, жөн-жоба сілтейтін көптеген өнегелі өсиет сөздері қалды. Кемеңгер бидің шешендік сөздері айтпақ ойының ұшқыр да тапқырлығымен, тап басатын көркем теңеулерінің дәлдігімен, тілінің өткір де айқындылығымен ерекшеленеді. Оның тұжырымды терең толғаулары, суырып салма сөздері, нақылға толы мақал-мәтел түрінде өрбіген. Мысалы: «Алтын ұяң – Отан қымбат, Құт-береке атаң қымбат. Мейірімді анаң қымбат, Асқар тауың әкең қымбат. Туып өскен елің қымбат, Кіндік кескен жерің қымбат. Ұят пенен ар қымбат, Өзің сүйген жар қымбат» деген өлеңін білмейтін қазақ баласы жоқ. Ұзақ толғаудан алынған бұл үзіндіні жырау, ақын жазған қай өлең-толғаудан, поэзия мәдениетінің әлемдік үлгісін меңгерген қай ақынның қиялынан туған қандай туындыдан кем жатыр деп айта аламыз?!

Қаздауысты Қазыбек би жайында мынандай тарихи деректер бар. Бұқар жырау: «Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Қаздауысты Қазыбек, Шақшақұлы Жәнібек. Ормандай көп Орта жүз, Содан шыққан төрт тірек», – дейді. Төле би: «Қақ жарған кара қылды Қазыбегім, Бір өзің бар қазаққа азық едің», – дейді. Шоқан Уәлихановтың «XVIII ғасырдың батырлары туралы тарихи аңыздар» деген еңбегінде «Абылай ханнан үш жүздің батырларының ішінен кімді ерекше құрметтейсіз деп сұрағанда, ол: «Бізге дейінгі ерлерден екі кісіге таңғалуға болады. Оның бірі – 90 туысын Қалдан Сереннің тұтқынынан құтқарған Қаракесек Қазыбек те, екіншісі – өзінің сондай тұтқындағы туысын құтқарған Уақ Дербісәлі. Мұның алғашқысы Қалданға өзі барып, сұрап алды. Соңғысы, өзінің ауылында отырып, жауын қорқытып алды» деп жазады. Бұл заманында ақылмен қатарынан озған дана биіне ел басшысының берген нақты әрі әділ бағасы еді (Дала даналары. Алматы, 2001 282-бет).

Қазыбектен: Бекболат, Қазымбет, Базаргелді, Барқы, Сырымбет есімді бес ұлы, Манқан деген бір қыз туған. Қазыбек қайтыс болғанда қызы Манқан жоқтау айтқан екен. Бұл Мәскеуде «23 жоқтау» деген жинақта жарияланған. Осы жоқтауында мынандай жолдар бар: «Өсиет қылдың қазаққа, Сарыарқа деп қонысын».

Би 18-ғасырдың 40-шы жылдарының басында Сыр бойынан Арқаға ауа көшіп, Ұлытау, Қарқаралы өңірін қоныс қылып, Семізбұғы тауының беткейлерін жайлаған. Қыс түсе Семізбұғы тауының етегіндегі Теректі қыстағында 1764 жылы қайтыс болған. Сүйегі Түркістандағы Қожа Ахмет Йассауи кесенесіне қойылған.

Ие, өлмейтін жан жоқ. Абай «Өлді деуге сия ма, ойландаршы, Өлмейтұғын артында сөз қалдырған» дегендей қазақ халқының кемеңгер биі Қазыбек өз халқымен мәңгі бірге жасайды. Қазыбек есімі Әз Тәуке хан, Абылай хан, Әбілхайыр хан, Бұқар жырау, Төле би, Әйтеке би, Қабанбай батыр сияқты ұлтымыздың ұлыларының қатарында Отан тарихында хатталады. Қорыға айтқанда, Қазыбек бабамыз Алаштың ардағына, кемеңгерліктің киесіне айналған тұлға.

Ерғазы ҚАДАШҰЛЫ,
тарихшы.

(«Орталық Қазақстан»
газетінен алынды).

Хабарландыру

Ақтоғай ауылы, К.Байсейітова көшесіндегі жеке тұрғын үй сатылады. Ауласы кең, қоршалған, бау-бақшасы бар. Жазғы екі бөлмелі үйі, гаражы бар. Суы тартылған, екі септик орнатылған. Бағасы келісім бойынша. Байланыс телефоны: 87078056471.

12 қараша 2021 жылы **Стамбеков Манагүл Сейлбекұлы** қайтыс болуына байланысты мұралық іс ашылды. Мұрагерлер өзінің мұрагерлік құқығын рәсімдеу үшін Ақтоғай ауданының нотариусы Кишкентева Саягуль Бекмоллаевнаға, Ақтоғай ауылы, Ә.Бөкейхан көшесі, 19 үй мекен-жайына хабарласуына болады.

29 қаңтар 2022 жылы **Нурмағанбетов Канат Елубайұлы** қайтыс болуына байланысты мұралық іс ашылды. Мұрагерлер өзінің мұрагерлік құқығын рәсімдеу үшін Ақтоғай ауданының нотариусы Кишкентева Саягуль Бекмоллаевнаға, Ақтоғай ауылы, Ә.Бөкейхан көшесі, 19 үй мекен-жайына хабарласуына болады.

Еске алу



Асыл жар, аяулы ана, сүйікті әже Жұмаділ келіні **Тишбала Башпай** молда қызының өмірден озғанына 2022 жылдың 02 мамырында 40 күн болады. Керуен күндер келмеске кетіп, жұлдыз түндер ағып жатыр біртіндеп... Асау аттай арындаған қайран уақыт тоқтаусыз зымырап барады. Кеше ғана аяулы жемімізді ақырғы сапарға, мәңгілік мекеніне шығарып салып едік. Бүгін, міне, соған да 40 күн болыпты.

Кімге болса да, тірліктің бір күні тоқтайтыны – ақиқат. Алла Сізге осы рамазан айында иман байлығын берсін! Жатқан жеріңіз жайлы, топырағыңыз торқа болсын. Артыңыздағы ұрпағыңыз ұзақ жасасын!

Алыс әрі жұмбақ болып көрінген,
Тілеуімді тілер пейіш төрінен.
Құран-дұға жетсе екен деп тілеймін,
Бағышталар бұл пәнидің өрінен.

Еске алушылар: қайынағасы Байзақ, Шыңғыс-Әсем, Гүлмира, Тлеукеш, Марлен-Бота, Лаура, Бархыт.

Еске алу



Шабанбай би ауылының тумасы, Зекенай Алтынбекұлының (Құлық) бәйбішесі, анамыз **Тілеукешқызы Үміттің** (Көшкін-Орысбай) дүниеден өткеніне бір жыл толды.

Анашым, бір жыл болды өзінді көрмегелі,
Бір жыл болды арулап жерлегелі.

Мейірленіп маңдайдан
ііскемей,
Сағыныштан сарғайып

шөлдегелі.

Аяулы анам, ақ періште әулием,
Ғұмырыма ырзық-нәсіп тәрбием.
Әзиз жаның дамылдасын жұмақта,
Ардақтаумен рухыңа бас ием.
Төріңде қонақ келсе, мез-мейрам боп,
Дайын болып жатушы еді дәм-түз, асын.
Кең пейілді, кең дастархан, қонақжай,
Елге арнаушы ең қолыңдағы барынды.
Анажан, өзінді сағынамыз,
Тағдырдың салғанына бағынамыз.
Немерелер бар «Әже» деген өзінді,
Сағынады айтқан сенің сөзіңді.
Шаңырақтың құты мен берекесі,
«Ақ әже» деп іздейді шөберелер.
Жүрек сыздап, толады жанар жасқа,
Кеттің ана, мәңгілік оралмасқа.
Асыл анам, о дүниеде мінгенің пырақ болсын,
Қараңғы жерде қолыңда шырақ болсын.
Бір Алладан ақ туыңның астында,
Топырағың торқа боп, жатқан жерің мәңгілік тұрақ болсын!

Ас берушілер: балалары – Болат, Мұхит-Ризвангүл, Зәуреш-Әмірбай, Бақыт-Берік, Анар, немере-шөберелері.

Анамыздың жылдық асы 8 мамыр күні сағат 11.00-ден бастап «Ақерке» дәмханасының кіші залында беріледі. Туған-туысқандарға, құда-әже-жәтқа, танытын бариша жасамағатқа хабарлаймыз.

«Ақтоғай аграрлық-техникалық колледжі» КММ ұжымы колледждің бас есепшісі Қаппарова Ажарға қайынағасы **Кесікбаев Айтжанның**, кіші қызметкерлер Оспанқұлова Жаңагүлге сіңлісі, Әміртаев Сейсенбекке балдызы **Оспанқұлова Саягүлдің** мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғыларына ортақтасып көңіл айтады.

Анам туралы сөз

Мен шығып көрген ең биік шың – әкемнің иығы.
Мен барып көрген ең жылы жер – анамның құшағы.
Әлем сыйып кететін құшағыңызға
Біз жылынып жүре берейік, Анашым!

Осынау дөнгеленген дүниеде ең қымбат жан – Ана. Дүйім дүниенің, жалпақ жалғанның бар асылын, ғаламатын сыйласақ та, ана алдындағы қарыз өтелмес. Кез келген адамның жан-дүниесінің сұлулығы ақ сүтін беріп, әлпештеген ана жүрегінің жылуынан басталады. Бала бойындағы жақсы қасиеттер анадан тарайды. Оның нәзік үні, аялы алақаны, жан жылуы бәрімізді әлдилеп, мәуелі бәйтеректей жоғары білім әперіп, ұядан ұшырды.

Өмір мұхит толқыны сияқты. Ата-анамыздың берген тәрбиесінің

жетегімен тура жолдан таймай, адалдықтың туын көтеріп, «Тегіне тартқан тегін болмайды» демекші, бәріміз дүниенің кішкентай кірпішіндей қаланып, әрқайсысымыз алға қойған алыс армандарды бағындырып, өз алдымызға үй болдық, немере сүйдік.

«Тәрбие тал бесіктен басталады» демекші, біз айналамызға кең қарап, терең ойлауды санамызға ар-ұят, әдептілікті сіндіруші отбасының іргетасы ата-ана екенін білдік. Осы тәрбиені бізге жете сіңірген анамыз деп ойлаймын.

Анам Мағал Нығыметжанқызы 1937 жылы 5 мамыр күні дүние есігін ашты. Менің анам жақсының көзі, жан әлемі жақсылыққа толы, тектілікті бойына сіңіріп өсті.

Бойжеткен соң анамыз әкем Өзібекпен көңіл жарастырып, «жақсы адамға жақсы жар ұсынады» демекші, шаңырақ көтеріп, екеуі отағасы, отанасы болды. 48 жыл өмір сүрген ғұмырларына Алла тағала тағу-тәтті өмір сүруді нәсіп етіп, сыйластықтарына сызат түсірмеді.

Әкем марқұм: «Аналарыңның қолынан бәрі келеді», – деп, анамызды үнемі асылға балап, шуақты көңілдің шуағын шашу етіп, қоштаса кете бергені үлкен ұлылық деп ойлаймын.

Менің анамның бармағынан бал тамған. Сырмақ, тымақ, түскиіз өнерінің қыр-сырын менгерген хас шебер десем де болады. Кілемге бергісіз, алуан оюлы, алуан пішінді әсем сырмақтар сол кезде әр үйдің төрінен орын алды. «Түскиіздің қабырғаға ілінетін ою-кестесі жеңіл, сары, ақ, қызыл жіппен сырғылып, аса сәнді, үлкен де кіші түскиіз түрлері дәстүрлі жиһаз ретінде бір адамның қолынан келе қоюы кімді болса да таңдандырмай қоймайды. Ал, тымақ тіккенде, аңның терісінің тігісін келтірудің маманы», – дейтін көрші Сара апа.

Анамның: «Құрақ құрай алатын адам отбасын құлатпай ұстап отыра алады» деген сөзі көңілге қонымды. «Іс білетін адам өтірік, ғайбат сөйлемейді, тігіннің кетеуі кетеді. Шебер әйел – шыншыл әйел» – деген афоризмдері қаншама десензіші. «Балам өнерлі болсын десең, өнегенді көрсет» дегенді бекерге айтпаса керек.

Анамның бойындағы тігіншілік қасиетін баласы Мұратқан, қызы Гүлзира жалғастырып жүр. Анамның төккен терінің жемісі, жеткен жетістігінің жеңісі деп ойлаймын.

Анамның ақ батасы – сауытымыз, тілегі – қорғанымыз, ақ ниеті – орманымыз, бақ қонса тасымауды, қиындықта жасымауды, өмір көкпар болғанда жеңуді, ашу атты асау тайға мінгенде сабырлы болуды үйреткен алтын құрсағым, жер бетіндегі жұмағым, басымдағы тәжім, байлығым. Алланың қалауымен осындай ана сыйлаған Алла тағалаға мың шүкір!

Жанымыздың бір бөлшегі, аяулы Анашым, мерейтойыңыз құтты болсын! Әр күніңіз бақыт пен шаттыққа толсын!

АБ Сәуле Өзібекқызы.



Құттықтаймыз!



Қуаныш ауылының тумасы, жиеніміз **Орынбайұлы Жеңісті** жеңіс күнімен тұспа-тұс келген зейнеткерлік 63 жасқа толған мерейлі жасымен шын жүректен құттықтаймыз! Сізді осынау пайғамбар жасы деп

аталып кеткен айтулы асуға жеткен мерейлі белесіңізбен құттықтай отырып, мықты денсаулық, мол күш-жігер, ыстық қайрат, зор шабыт пен биік мұраттарды тілейміз. Алланың берген жасын жасап, еткен еңбегіңіз бен төккен теріңіздің зейнетін бала-шаға, немерелеріңіздің ортасында шаттықтың бақытты сәттеріне бөленген әдемі ғұмыр кешіңіз.

Зейнет жасқа жетіп кепсіз зымырап,
Бірақ қимыл әлі жастай шымыр-ақ.
Еңбегіңіз зейнет болсын ендігі,
Күндеріңіз мұң салмасын қырындап.

Игі тілекпен: **Нұрлан-Назигұл.**

Құттықтаймыз!



Құрметті, Ерлан Мәдениетұлы!

Сізді 1 мамыр 2022 жылы келіп жеткен 50 жас мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз!

Әрдайым тыңғылықты қалпыңыздан танбай, табыстан табысқа жете беріңіз. Отбасыңыздан ынтымақ, басыңыздан бақ

таймасын! Көңіліңіз ғұмыр бойы көтеріңкі болып, өмір айдынында қайғы-мұңды білмей, еркін жүзе беріңіз. Дос-жаран мен туған-туыс алдында абыройыңыз әрдайым артып, аңсаған арманыңыздың асуларына жете беріңіз. Балаларыңыздың қызығына бөлене беріңіз!

Бүгінгі күн – бөлектеу күн, маңызды.

Маңыздысы – бүгін туған жан ізгі!

Алпыс мәрте Күнді айналған жұмыр Жер.

Сізге бақыт тілеп тұрған тәрізді.

Ренжітпей үлкенді де, кішіні –

Жүрегімен түсінетін кісіні.

Мынау өмір жұмақ болып кетер ед,

Сіздей болса бар адамның пішіні.

Ізгі тілекпен: **жолдастарыңыз Серік-Зайдағұл, Жансерік-Гүлбараш, Марлен-Ботагөз.**

Өнерліні өрге өрлеткен «Өнер» мектебі

Ауданымыздың өнерлі де, жігерлі жас таланттарын шындайтын өнер мектебі екені баршаға аян. 23 сәуір күні аудандық мәдениет үйінде аталмыш білім ұясы шығармашылық концертін жұртшылық назарына ұсынды.

«Балдәурен көктем» атты шығармашылық

кеште қолданбалы қолөнер, бейнелеу өнері үйірмелерінің жұмыстары бойынша көрме ұйымдастырылды. Арқа елін мекендеп, ән-жырдан маңайына маржан шашқан Ақтоғай өңірі сауықшыл, сері мінез, сертке берік қалпымен әлімсақтан ән-жырдың бесігіне айналған өнер кеніші. Міне, осындай тал бесікте әнмен тербеліп өскен жас өнерпаздарымыз республикалық «Бала дауысы», «Сал домбыра» байқауларынан жүлдегер атанып, халықаралық додаларда аудан абыройын асқақтатып жүр. Әрине мұның бәрі жас өнерпаздарға өнер сәулесін сеуіп, өнер шыңына баулып жүрген аудандық өнер



мектебінің жемісті жұмысының нәтижесі екені даусыз.

Кеш барысында «Қрылатые качелии», «Гәккү», «Мы маленькие звезды», «Құтты ұям», «Алатау» және «Акерке», «Алғы», «Кербез сұлу», «Қазақ вальсі» әндерін өнерлі өрендер әуелетсе, вокалды

ансамбль «Сарыарқа» нақышына келтіре орындады. Сондай-ақ, домбырашылар ансамблі «Әлқисса», «Нар ағаш», «Адай» сынды күмбірлеген күйлерімен тыңдарман жүрегінен орын тапты. Сонымен қатар, бишілер мың бұрала би билеп, көрермен көзайымына айналды. Кеш шымылдығы «Балдәурен» әнімен жабылды.

Аудандық балалар өнер мектебі.

Құрылтайшы: **ЕЛЕУСИЗОВА ГҮЛНАР МЕТАЕВНА**

Директор-Бас редактор: **Г.ЕЛЕУСИЗОВА**

Меншік иесі: «Ақтоғай ажары» газеті редакциясы ЖШС

Тіркеу куәлігі: №КЗ94VPY00019192. (Қазақстан Республикасы ақпарат және даму Министрлігі 2020 жылы 10 қаңтарында берілген)

Газет аптасына 1 рет шығады

Жауапты хатшы **Думан ҚАБЫЛ**

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, Қарағанды қаласында «Арқо» баспаханасы ЖШС-де басылады. Сәтбаев көшесі, 15-үй

Мақала авторларының пікірі газеттің көзқарасын білдірмейді.

Таралымы 1200 дана

Мекен-жайымыз: 100200, Ақтоғай ауылы, Абай көшесі, №1 а үй.

Телефондар: редактор: 2-18-81, тілшілер, компьютер орталығы: 2-15-39



Электрондық пошта aktogai_red@mail.ru

Газетке А4 форматты 3 беттен асқан материалдар қабылданбайды.

